

## ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ОРТАҚ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫСЫ (ЛИВИЯ ТӘЖІРИБЕСІ)

2011 жылдың басында Солтүстік Африканың араб елдеріндегі революциялық төңкерістердің нәтижесінде Еуропалық Одақ (ЕО) өзінің жерортатеңіздік саясатын түгелдей қайта қарстыру керектігін мойындады және оның негізгі параметрлерін анықтады. Брюссель өзінің сыртқы саяси механизмдерін аймақтағы дағдарысты реттеуге шоғырландырды. Ливия дағдарысына қатысты ЕО-ның ресми ұстанымы египеттік тәсілге негізделгенмен, әлдеқайда қатаң түрде болды. Ол бойынша Ливия халқы өз көпбасшысын өздері тандауға құқылы, бірақ Муммар Каддафи қанды жазалауды тез арада тоқтатуы және өз қарсыластарымен келіссөздерді бастауы керек болды.

Бірнеше күннің ішінде ЕО елдері 2011 жылдың 26-ақпанда қабылданған БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің 1970 резолюциясына негізделіп отырып ЕО-ның саяси ұстанымының негізгі параметрлері бойынша келісімге қол жеткізді. М. Каддафи қарсылық білдіргендермен күресуін күшейткеннен кейін, 22-ақпанда ЕО Ливиямен негіздемелік келісім бойынша келіссөздерді тоқтатты. Франция және Локсембург Финляндия және Германияның басқарушы режимге қарсы санкция қою талабына нұсқалы, алайда Италия, Мальта, Кипр сияқты бірқатар еуропалық елдер бұған дайын еместігін білдірді. Бірақ келісі күні санкция қою жөніндегі келісімге ЕО-ның Саясат және қауіпсіздік комитетінде (СҚК) қол қойылды. Комитет барлық мүмкін болатын нұсқаларды, яғни шотрады тоқтатып тастау, виза беруден бас тарту және қару-жарақ жеткізуге, экономикалық және қаржылық байланыстарды үзіп тастауға дейін тығым салуды қарастыру үшін сараптамалық топты құрды.

Кэтрин Эштон қызметі опозициялық Әтпелі кеңеспен байланыстар орнатудың айналысын жақсартуға Бросселлдің ресми түрде Каддафи режимімен барлық қатынастарын үзгендігін білдірді. Алайда бұлай бола тұрса да, Каддафи эмиссарларын кейбір еуропалық мемлекеттер саяси-дипломатиялық шешім іздеу мақсатымен қабылдап жатты [1]. Бұндай біржақты дипломатиялық қалалар мен байланыстар өз кезегінде еуропалық ұстанымының ішкі бірлігін әлсіретті.

Ливия контекстінде қатысушы мемлекеттердің тәсілдерінде айтарлықтай айырмашылықтар және ортақ сыртқы саясатта шектеулер байқалып калды. Олар ЕО-ның наурызда өткен бағдарлама-лық саммитінде көрініс тапты. Саммитте Каддафидің кетуі керектігі және оның режимінің ливиялық қаржы институттарының ресурстарын қолдануын шектейтін жаңа санкциялар орнату шешілігімен, Каддафимен қарсыласта ЕО қаншалықты алысқа бара алатындығы жөнінде жалпы белгісіздік сақталып қалса берді. Мысалы ұстанымдар әскери қарсыласту, санкцияның көлемі, ЕО тарапынан гуманитарлық интервенцияның мүмкіндігі, опозицияның қолдауы, Ұлттық өтпелі кеңесті мойындау мәселелері бойынша әр түрлі болды.

Бұл мәселеде Франция тарапы қатаң және шешімді шаралар қабылдауға шақырды. 24-25 ақпанда өткен ЕО-ның қорғаныс министрлерінің бейресми кездесуінде француз министрі Аллен Жюппе Ливияда ұшыта тығым салынған зонаны енгізу керектігін талқыға салды. Алайда, К. Эштон қазіргі кезде әскери араласу мәселесі қарастырылмағандығын жеткізді.

ЕО-ның Ливияға қатысты ұстанымының екіжақтылығымен қанаттатқан Франсия президенті Николля Саркози бұл мәселені шешуге тырысты. Ол Парижде ҰОК эмиссарларымен кездесуден кейін 10-наурызда аяқ астынан Кеңесті Ливия халқының жаңғыз заңды өкілі ретінде мойындайтынын мәлімдеді және елшілермен алмасуға сөз берді. Өз әріптестерімен кеңеспей жасаған бұндай қадам, әрине ЕО-та саяси келісімге қол жеткізу мәдениетіне қарама-қайшы келді және Жерорта теңізі аймағына қатысты ортақ шартформа мен шешімдер қабылдау үрдісін бұзды дегуге болады. Ол еуропалық саясаттың векторын француздық тәсілге бұрғысы келді.

17-наурызда БҰҰ КК 1973 резолюциясына дауыс беру кезінде Германия дауыс беруден бас тартты. Бұл резолюция Каддафи режиміне қарсы санкцияларды күшейтті және ұшысыз зонасын енгізді [2]. ТҒР қаншпери А. Меркель дауыс бермеудің басты себебі ретінде әуе операциясында Германияның қатысуының «ұйғарымды автоматизмді» келтірді яғни әскери әрекеттерде қатыспау қстанымын білдірді. Ван Ромпей және Кэтрин Эштон бірлескен мәлімдемесінде ЕО өзінің маңдағы және құзырсі шенберінде бұл резолюцияны орындауға дайын екендігін білдірді [3].

Енді Германиямен күресудегі бірінші айданды және еуропалық тілектестікті оқушы ретінде қабылдай бастады. «Германия халықаралық деңгейде қиын тандау жағдай қажеттілігі туындағанда ішкі уағте басымдылық берді» [4]. Неміс опозициясы ЕО және Ортақ сыртқы және